

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне трансферттік баға белгілеу және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 9 маусымдағы № 288-IV Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжат; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; 2010 жылғы 21 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2010 жылғы 21 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 701-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«701-бап. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуын кейінге қалдыру және созу

Әкімшілік қамау, арнаулы құқықтан айыру немесе айыппұл салу (әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде айыппұл өндіріп алуды қоспағанда) түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылардың орындалуын заңда белгіленген мерзімде мүмкін етпейтін мән-жайлар болған кезде қаулыны шығарған судья, орган (лауазымды адам) өзі жөнінде қаулы шығарылған адамның арызы бойынша қаулының орындалуын бір айға дейінгі мерзімге кейін қалдыра алады. Әкімшілік жауапқа тартылған адамның материалдық жағдайын ескере отырып, қаулыны шығарған судья, орган (лауазымды адам) айыппұл төлеуді үш айға дейінгі мерзімге созуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының екінші бағытына қатысушы тұлғаға салық берешегін төлеу мерзімін кейінге қалдыру туралы шешім қабылдаған жағдайда мұндай тұлғаға әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарған салық органы мұндай тұлғаның айыппұл түрінде 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Үкіметі шешім шығарған күн аралығында жиналып қалған салық берешегіне қатысты өз қаулысының орындалу мерзімін осындай шешімде көрсетілген мерзімге кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды.»;

2) 702-баптың 4) тармақшасындағы «мерзімі өткен жағдайларда әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуын қысқартып, әкімшілік жазадан босатады.» деген сөздер «мерзімі өткен;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексін қолданысқа енгізу туралы заңнамалық актісінде көзделген жағдайларда әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуын қысқартып, әкімшілік жазадан босатады.».

2. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; 2010 жылғы 21 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2010 жылғы 23 сәуірде «Егемен Қазақстан» және 2010 жылғы 22 сәуірде «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет процесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу

туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 77-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы 3-2) тармақшамен толықтырылсын:
«3-2) қаржы лизингіне берілген мүлік жөніндегі;»;

2) 7 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үш жылдан асатын мерзімге жасалған лизинг шарты бойынша мүлікті беру, егер ол мынадай талаптардың біріне сай к е л с е :

1) лизинг шартында мүліктің лизинг алушының меншігіне берілуі және (немесе) лизинг алушыға мүлікті тіркелген баға бойынша сатып алу құқығының берілуі б е л г і л е н с е ;

2) қаржы лизингінің мерзімі қаржы лизингі бойынша берілетін мүліктің пайдалы қызмет мерзімінің жетпіс бес пайызынан асып кетсе;

3) қаржы лизингінің бүкіл мерзімі үшін лизингтік төлемдердің ағымдағы (дисконтталған) құны қаржы лизингі бойынша берілетін мүлік құнының тоқсан пайызынан асып кетсе, қаржы лизингі болып табылады.

Лизинг нысаналарын қайталама лизингке беру де қаржы лизингі болып табылады.

Осы Кодекстің мақсаттары үшін қайталама лизинг деп лизинг шарты (бұдан әрі осы баптың мақсаттары үшін – бастапқы лизинг шарты) тоқтатылған, бұзылған не лизинг нысаналары санының өзгеруіне байланысты ол өзгертілген жағдайда лизинг берушінің меншігінде қалған лизинг нысаналарын басқа лизинг алушыға (алушыларға) лизингке мынадай талаптарды бір мезгілде сақтай отырып беру танылады:

бастапқы лизинг шартын бұзу, тоқтату не өзгерту күні мен қайталама лизинг шартын (шарттарын) жасасу күні осы Кодекстің 269-бабында белгіленген бір салық к е з ең і н е д ә л к е л с е ;

лизинг нысаналарының санына, лизинг төлемдеріне және лизинг мерзіміне арналған талаптарды қоспағанда, бастапқы лизинг шартында көзделген талаптар қайталама лизинг шартында (шарттарында) сақталса;

қайталама лизингке бастапқы лизинг шарты бойынша олардың жалпы санынан аспайтын мөлшерде лизинг нысаналары берілсе;

егер бастапқы лизинг шарты бойынша аннуитеттік төлем әдісі көзделген жағдайда – қайталама лизинг шарты (шарттары) бойынша лизингтік төлемдердің жалпы сомасы лизингтік төлемдер сомасына азайтылған, лизинг алушыдан бастапқы лизинг шарты бойынша алынған, бастапқы лизинг шарты бойынша лизингтік төлемдердің жалпы с о м а с ы н а н а с п а с а ;

егер бастапқы лизинг шарты бойынша тең үлестермен төлеу әдісі көзделген жағдайда – қайталама лизингке берілетін лизинг нысанасының құны бастапқы лизинг шарты бойынша лизинг нысанасының төленбеген құнынан аспаса, қайталама лизинг шарты (шарттары) бойынша сыйақы ставкасының мөлшері бастапқы лизинг шарты

бойынша сыйақы ставкасының мөлшерінен аспаса;
лизинг нысаналары қайталама лизингке кемінде үш жыл мерзімге берілсе.

Осы Кодекстің мақсаттары үшін мүлікті қаржы лизингіне беру лизинг берушінің мүлікті лизинг алушыға өткізуі ретінде қаралады. Бұл ретте лизинг алушы лизинг нысанасының иесі ретінде, ал лизингтік төлемдер лизинг алушыға берілген кредит бойынша төлемдер ретінде қаралады.

Осы Кодекс мақсаттарында:
аннуитеттік төлемдер әдісі – лизингтік төлемдер тең уақыт аралығы арқылы тең сомалармен белгіленетін лизингтік төлемдерді есептеу әдісі;
тең үлестермен төлеу әдісі – лизинг бойынша сыйақыны қоспағанда, лизингтік төлемдер тең сомалармен белгіленетін лизингтік төлемдерді есептеу әдісі.»;
4 - т а р м а қ т а :

1) тармақшаның алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«лизинг нысаналары қайталама лизингке берілген жағдайлардан басқа осындай шарттар жасасу күнінен бастап үш жыл өткенге дейін олар бойынша лизинг шарттары бұзылған (лизинг шарты бойынша міндеттемелер тоқтатылған) жағдайдағы лизингтік мәмілелер ; » ;

жетінші-тоғызыншы абзацтар алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:
«3-1) лизинг беруші ауыстырылған лизингтік мәмілелер;».

3. «Трансферттік баға белгілеу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 15-16, 65-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат):

1) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпарат көздерінен алынған баға – ресми танылған ақпарат көздерінен, биржалық белгіленімдер туралы деректерден, уәкілетті органдардан, сондай-ақ басқа да ақпарат көздерінен алынған баға ;

2) бағалар ауқымы – осы Заңда белгіленген тәртіппен нарықтық бағаларды айқындау әдістерінің бірін немесе ақпарат көздерін қолдану нәтижесінде айқындалған нарықтық бағалардың ең төменгі және ең жоғарғы мәндерімен шектелген нарықтық бағалардың бір қатар мәндері ;

3) белгіленім кезеңі – мәміле шарттарына сәйкес мәміле тараптары тиісті биржалық тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің), сондай-ақ бағалары биржалық тауарлардың белгіленімдеріне байланыстырылған биржалық емес тауарлардың күнделікті орташа арифметикалық баға белгіленімдерінің орташа арифметикалық мәнін айқындайтын кезең ішінде тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өткізуге арналған келісімшартта белгіленген, бірақ биржадағы баға белгіленімдері жарияланған

қатарынан күнтізбелік отыз күннен аспайтын баға белгілеу кезеңі;

4) бірдей тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) – өздеріне тән бірдей негізгі белгілері: физикалық сипаттамалары, сапасы және рыноктағы өтімділігі, шығарған және өндірген елі бар тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер);

5) бірдей (ал олар болмаған жағдайда – біртекті) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) тиісті рыногы – нарықтық баға қалыптасатын тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) межелі (берілетін) рыногы немесе тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) межелі (берілетін) рыногының базасында нарықтық баға объективті түрде қалыптасатын және (немесе) айқындалатын рынок;

6) біртекті тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) – бірдей болмаса да ұқсас сипаттағы және ұқсас құрамдастардан тұратын, бұл оларға бір ғана функцияларды атқаруға және оларды өзара алмастыруға мүмкіндік беретін тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер);

7) дифференциал – мәміле бағасын немесе ақпарат көзінен алынған бағаны салыстырымды экономикалық шарттарға келтіру үшін қолданылатын түзету мөлшері;

8) жеңілдікті салық салынатын мемлекет – Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалатын шет мемлекет;

9) комиссиялық (агенттік) сыйақы – мәмілеге қатысушы мен сауда брокері, трейдер немесе агент арасындағы жеке келісімде көзделген, жасалған мәміле сомасы немесе сомасының пайызы түрінде төленетін, тауарды сатып алу-сату, жұмысты орындау, қызметті көрсету бойынша сауда брокерінің, трейдердің немесе агенттің көрсеткен қызметі үшін төлем ақы;

10) Қазақстан Республикасының аумағында жасалатын, халықаралық іскерлік операциямен тікелей өзара байланысты мәміле – кейіннен халықаралық іскерлік операцияның мәні болып табылатын тауарларды сатып алу-сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жөніндегі мәміле;

11) қолданылатын бағаның экономикалық негіздемесі – мәміле бағасының қолданылу негізділігін растайтын және уәкілетті органдарға берілетін құжаттар мен ақпарат;

12) «қол созу» принципі – өзара байланысты тараптар арасындағы мәмілелер шарттарын осы Заңда белгіленген тәртіппен айқындалатын нарықтық баға бойынша мәмілелерді жүзеге асыратын тәуелсіз тараптар арасындағы мәмілелер шарттарымен салыстыру негізінде бағалар ауқымын ескере отырып, нарықтық бағаны айқындау үшін қолданылатын принцип;

13) маржа – тауарларды сатып алу-сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жөніндегі мәмілелерді жүргізу нәтижесінде сауда брокері, трейдер немесе агент алатын сом а;

14) маржаның ауқымы – салыстырымды экономикалық шарттарда «қол созу» принципіне сәйкес айқындалған нарықтық маржаның ең төменгі және ең жоғарғы

мәндерімен шектелген бірқатар мәндер;

15) мәміле бағасы – осы Заңмен реттелетін мәмілені жасау кезінде мәмілеге қатысушылар қолданатын тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) бағасы;

16) мәмілеге қатысушы – осы Заңмен реттелетін мәмілені жасасқан жеке немесе
з а ң д ы т ұ л ғ а ;

17) мәмілелер мониторингі бойынша есептілік – трансферттік бағаларды қолдана отырып есепті кезең ішінде жасалған мәмілені қоса алғанда, уәкілетті органдар бекітетін тәртіп пен нысанға сәйкес мәмілеге қатысушы жыл сайын салық қызметі органдарына ұсынатын мәмілелер бойынша деректер;

18) нарықтық баға – «қол созу» принципіне сәйкес айқындалатын салыстырымды экономикалық шарттарда бірдей (ал олар болмаған жағдайда – біртекті) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың өзара іс-қимылы кезінде қалыптасқан тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) бағасы;

19) рентабельділік нормаларының ауқымы – салыстырымды экономикалық шарттарда «қол созу» принципіне сәйкес айқындалған рентабельділік нормаларының ең төменгі және ең жоғарғы мәндерімен шектелген рентабельділік нормаларының
б і р қ а т а р м ә н д е р і ;

20) рентабельділік нормасы – негізгі қызметтен түскен, тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өткізуден алынған бухгалтерлік пайданың осы тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өндіруге және өткізуге жұмсалған шығындарға
қ а т ы н а с ы ;

21) салықтар бойынша жеңілдіктер – салық төлеушілердің жекелеген санаттары бойынша салық міндеттемелерінен босату (оларды азайту), инвестициялар жөніндегі келісімшартқа сәйкес инвестициялық салық преференцияларының болуы немесе қызметті арнайы экономикалық аймақтар аумағында жүзеге асыру;

22) салыстырымды экономикалық шарттар – егер мұндай шарттар арасындағы айырмашылық бағаға ықпал етпесе немесе мәмілелердің шарттарын осы Заңға сәйкес салыстырымды экономикалық шарттарға келтіру мақсатында түзету мүмкін болса, бірдей (ал олар болмаған жағдайда – біртекті) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) нарығындағы мәмілелердің шарттары;

23) сауда брокері, агент – мәмілеге қатысушымен жасалған агенттік келісімнің шарттарына сәйкес делдалдық қызмет көрсетулерді орындайтын тұлға;

24) сауда-делдалдық функцияларды орындағаны үшін өтемақы – сауда-делдалдық қызмет көрсетулерді жүзеге асырғаны үшін мәміле тараптары бірінің ақшалай сыйақы немесе тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өткізу бағасына жеңілдіктер беру (бағаны кеміту) нысанындағы өтеуі;

25) трансферттік баға (трансферттік баға белгілеу) – өзара байланысты тараптар арасында қалыптасатын және (немесе) тәуелсіз тараптар арасында мәмілелер жасау кезінде бағалар ауқымы ескеріле отырып, объективті түрде қалыптасатын нарықтық

бағадан айырмашылығы болатын, осы Заңға сәйкес бақылауға жататын баға;

26) трансферттік баға белгілеуді қолдану жөніндегі келісім – белгілі бір кезеңге нарықтық бағаны айқындау әдісі және нарықтық бағаны айқындау үшін қолданылатын ақпарат көзі белгіленетін, уәкілетті органдар мен мәмілеге қатысушының арасындағы ж а з б а ш а ш а р т ;

27) трейдер – тауарларды сатып алу-сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде дербес және (немесе) мәмілеге қатысушының тапсырмасы бойынша делдалдық функцияларды жүзеге асыратын тұлға;

28) түпкі тұтынушы – мәмілеге қатысушылармен осындай мәмілеге қатысушылар жүзеге асыратын мәміленің экономикалық нәтижелеріне ықпал ететін ерекше өзара қарым-қатынастары жоқ тәуелсіз тарап;

29) уәкілетті органдар – Қазақстан Республикасының салық қызметі органдары мен к е д е н о р г а н д а р ы ;

30) ұзақ мерзімдік баға – ресми танылған ақпарат көздерінде және (немесе) мәмілеге қатысушылар арасындағы келісімшартта (шартта) белгілі бір кезеңге белгіленген мәміле бағасы;

31) халықаралық іскерлік операциялар – тауарларды сатып алу-сату жөніндегі экспорттық және (немесе) импорттық мәмілелер; тұрақты мекеме құрмастан Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын, резидент емес болып табылатын тараптардың бірінің жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі мәмілелері; Қазақстан Республикасы резиденттерінің Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тауарларды сатып алу-сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету жөнінде жасаған мәмілелері.»;

2) 3-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының төртінші абзацындағы «мәмілелер бойынша олар халықаралық іскерлік операциялармен тікелей өзара байланысты болған жағдайда» деген сөздер «халықаралық іскерлік операциялармен тікелей өзара байланысты мәмілелер бойынша» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 4 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уәкілетті органдардың осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де құқықтары бар.»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-1) мәмілеге қатысушының трансферттік баға белгілеуді қолдану жөнінде келісім жасасуға өтінішін мәмілеге қатысушыдан өтініш алған күннен бастап тоқсан жұмыс к ү н і і ш і н д е қ а р а у ғ а ;

3-2) мәмілеге қатысушының өтінішін қарау нәтижелері бойынша шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде трансферттік баға белгілеуді қолдану жөнінде келісім жасасудан бас тартудың себептерін көрсете отырып, мәмілеге қатысушыға

жазбаша

жауап

жіберуге;»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Уәкілетті органдар осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді атқарады.»;

4) 5 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) бақылауды жүзеге асыру және салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаларға шағым жасау барысында қолданылатын бағаның экономикалық негіздемесін және қолданылатын бағаны растайтын басқа да ақпаратты уәкілетті органдарға беруге;»;

5) тармақша «мәміленің бағасын және» деген сөздерден кейін «(немесе)» деген сөзбен толықтырылсын;

3-тармақтың 4) тармақшасындағы және 4-тармақтағы «осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен көзделген тәртіппен басқа да» және «осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен көзделген басқа да» деген сөздер тиісінше «осы Заңда көзделген тәртіппен өзге де» және «осы Заңда көзделген өзге де» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 6-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мәмілелер мониторингін жүзеге асыру ережелерін уәкілетті органдар бекітеді және оларда мәмілеге қатысушының мәмілелер мониторингі бойынша бекітілген есептілік нысандарын толтыру және оларды уәкілетті органдарға ұсыну тәртібі, сондай-ақ мәмілелер мониторингі бойынша құжаттама жүргізу тәртібі қамтылады.»;

6) 7 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«7-бап. Мәмілелер мониторингі бойынша есептілік және құжаттама»;

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақшаның алтыншы абзацы алып тасталсын;

3), 4) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

« 3) а қ п а р а т к ө з і н ;

4) осы Заңның 3-бабында көрсетілген мәмілелер бойынша, шарттардан (келісімшарттардан), шот фактуралардан (инвойстардан), кедендік жүк декларацияларынан алынған мәліметтерден, қаржы ұйымдары ұсынатын мәліметтерден, сондай-ақ дифференциалды айқындау үшін қажетті өзге де мәліметтерден тұратын ақпаратты;»;

«8) маржаны, сауда брокерінің, трейдердің немесе агенттің комиссиялық (агенттік) сыйақысын не олардың сауда-делдалдық функцияларды орындағаны үшін

өтемақыларды қамтиды. Бұл ретте, егер мәмілеге қатысушылар үшін маржаның құрамдастарын ашатын ақпарат қолжетімді болса, мәмілеге қатысушы мұндай ақпаратты береді және егер маржа сауда брокерінің, трейдердің немесе агенттің комиссиялық (агенттік) сыйақысын не сауда-делдалдық функцияларды орындағаны үшін өтемақыны қамтитын жағдайда, уәкілетті органдар бұл құрамдастарды бақылауды жүзеге асыру кезінде есепке алмайды;»;

2-тармақтағы «Осы» деген сөз «Мәмілеге қатысушылар, оның ішінде осы» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«10-бап. Салық салу объектілеріне және (немесе) салық салумен байланысты объектілерге түзету

1. Тексеру жүргізу барысында бағалар ауқымы ескеріле отырып, мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқу фактісі анықталған кезде, уәкілетті органдар осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген тәртіппен салық салу объектілеріне және (немесе) салық салумен байланысты объектілерге түзету жасайды.

2. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, биржалық тауарлар бойынша ақпарат көздерінде көрсетілген бағалар ауқымы және дифференциал ескеріле отырып, салық салу объектілеріне және (немесе) салық салумен байланысты объектілерге түзету жасалады. Биржалық тауарлардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі б е к і т е д і .

3. Егер осы баптың 4-тармағында өзгеше көзделмесе, ауыл шаруашылығы өнімімен мәмілелер бойынша мәміленің бағасы нарықтық бағадан он проценттен артық ауытқыған кезде, салық салу объектілеріне және (немесе) салық салумен байланысты объектілерге түзету жасалады.

4. Ағымдағы күнтізбелік жылдың алдағы айларының бірінде өндірілген (алынған) ауыл шаруашылығы өніміне қатысты ағымдағы күнтізбелік жылдың 15 наурызы мен 1 шілдесі аралығындағы кезеңде жасалған экспорттық шарттар бойынша, егер экспорттық келісімшарт жасалғаннан кейін он бес жұмыс күні ішінде осы ауыл шаруашылығы өнімінің бөлек есебі жүргізілген және мәмілеге қатысушының (сатушының) банктік шоттарына резидент еместен экспорттық келісімшарттың жалпы сомасының кемінде елу проценті мөлшерінде ақшалай қаражат түскен жағдайда, мәміле бағасы мамандандырылған ұйымның ағымдағы күнтізбелік жылға белгіленген коммерциялық сатып алу бағасынан төмен болмаса, салық салу объектілеріне және (немесе) салық салумен байланысты объектілерге түзету жасалмайды.

5. Салық салу объектілеріне және (немесе) салық салумен байланысты объектілерге түзету мәміле бағасының ақпарат көзінде көрсетілген орташа мәні ретінде айқындалған нарықтық бағадан ауытқуы кезінде мыналармен:

- 1) жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген;
- 2) тауар айырбастау (бартерлік) операцияларын жүзеге асыратын;

3) мәміле жасалған жылдың алдындағы соңғы екі салық кезеңінде салық декларацияларының деректері бойынша залал шеккен;
4) салықтар бойынша жеңілдіктері бар;

5) қарсы біртекті талапты есепке алу (талапты басқаға беру кезіндегі есепке алуды қоса алғанда) жолымен жүргізілетін мәмілелер жөніндегі міндеттемелерді орындауды жүзеге асыратын қатысушылармен жасалатын мәмілелерге жасалады.

6. Салық салу объектілеріне және (немесе) салық салумен байланысты объектілерге түзету жасау негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұлдар мен өсімпұлдар қолданыла отырып, осы мәмілелердің есепті кезеңдегі табыстары немесе шығыстары және басқа да салық салу объектілері бағалар ауқымы ескеріле отырып, нарықтық баға тұрғысынан айқындалатын жағдайдағыдай болып есептелетін салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жүргізіледі.

7. Салықтар және (немесе) кедендік төлемдер бойынша жеңілдіктері бар мәмілеге қатысушыда бағалар ауқымы ескеріле отырып, мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқу фактісі анықталған жағдайда, мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқуы анықталған кезеңде салықтарды және төлемдерді төлеу Қазақстан Республикасының салықтық және кедендік міндеттемелерді азайтатын заңнамасының арнайы ережелері қолданылмастан, жалпы белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8. Салыстырымды экономикалық шарттарда «қол созу» принципіне сай келмейтін, осы Заңның 16-бабына сәйкес жүзеге асырылатын пайданы бөлу фактісі анықталған кезде салық салу объектілеріне және (немесе) салық салумен байланысты объектілерге түзету есепті салық кезеңінің қорытындылары бойынша өзара байланысты тараптар а р а с ы н д а ж а с а л а д ы .

Осы тармаққа сәйкес түзету Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес талап етілетін құжаттардың нысандарын ресімдей отырып, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жөнелтілгенін растайтын төлем құжаттарын және бастапқы құжаттарды тиісті өзгертусіз, салық салу объектілерін және (немесе) салық салумен байланысты объектілерді өзгерту жолымен жүзеге асырылады.

Мәмілеге қатысушының жалпы пайданың бір бөлігін өзара байланысты тараптар арасында бір мезгілде аудара отырып, осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес жасаған түзетуі жағдайында алынған пайда есепті салық кезеңінде өткізуден түскен табыс ретінде қаралады, ал берілген пайда есепті салық кезеңінде өткізуден түскен табысты азайту ретінде қаралады.

Осы тармаққа сәйкес салық салу объектілеріне және (немесе) салық салумен байланысты объектілерге жасалатын түзету әрбір мәміле бойынша жеке-жеке, осы баптың 9-тармағында көзделген шарттарды сақтай отырып, тиісті есептер қоса беріле отырып, салық қызметі органдарына табыс етілетін тиісті салық есептілігінде к ө р с е т і л у г е т и і с .

9. Егер мұндай түзету салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер

сомаларының өсуіне әкеп соғатын немесе одан әрі өсуіне әкеп соғуы мүмкін болса, салық салу объектілеріне және (немесе) салық салумен байланысты объектілерге түзету жасалады.

10. Бағалар ауқымы ескеріле отырып, мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқуы кезінде салық салу объектілеріне және (немесе) салық салумен байланысты объектілерге мынадай жағдайларда:

- 1) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта мәміле бағасы және (немесе) баға белгілеу тәртібі (әдістемесі) белгіленген немесе айқындалған;
- 2) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен басқа да мемлекеттердің үкіметтері арасындағы келісімдерде мәміле бағасы белгіленген;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мәміле бағасы және (немесе) баға белгілеу тәртібі (әдістемесі) белгіленген кезде түзету жасалмайды.

11. Салық төлеуші кешенді салықтық тексеруді (трансферттік баға белгілеу мәселелері енгізілген жағдайда) және трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша тақырыптық тексеруді жүргізу басталғанға дейін салық салу объектілеріне және (немесе) салық салумен байланысты объектілерге дербес түзету жасаған кезде, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің сомалары қосымша салық есептілігін ұсыну жолымен айыппұл есептелмей енгізілуге тиіс.

12. Осы Заңның 13-бабының 5-тармағында көрсетілген дифференциал қатысушылары жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген мәмілелерге ықпал етпейді және салық салу объектілеріне және салық салумен байланысты объектілерге түзету осы Заңның 13-бабы 5-тармағының ережелері ескерілмей жасалады.»;

8) 11-баптың 3) және 4) тармақшасындағы «байланысты» деген сөз «өзара байланысты» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«13-бап. Салыстырымды бақыланбайтын баға әдісі

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, салыстырымды бақыланбайтын баға әдісі салыстырымды экономикалық шарттарда тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) арналған мәміле бағасын бірдей (ал олар болмаған жағдайда - біртекті) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша бағалар ауқымы ескеріле отырып, нарықтық бағамен салыстыру жолымен қолданылады.

Тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) нарықтық бағасын айқындау кезінде осы тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өткізетін кездегі тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары туралы ақпарат ескеріледі.

Егер тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу келісімшартының талаптарында белгіленім кезеңін қолдану көзделген жағдайда, биржалық тауарлардың, сондай-ақ бағалары биржалық тауарлардың белгіленімдеріне байланыстырылған биржалық емес тауарлардың бағасы дифференциал ескеріле отырып, белгіленім кезеңіндегі тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) күнделікті

белгіленімдердің кез келген бір ақпарат көзінде жарияланған орташа арифметикалық мәні ретінде айқындалады.

Белгіленім кезеңіндегі баға белгіленімдерінің орташа арифметикалық мәні мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S = \frac{P_1 + P_2 + \dots + P_n}{n}$$

м ұ н д а :

S - белгіленім кезеңіндегі тиісті тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) күнделікті орташа арифметикалық баға белгіленімдерінің орташа арифметикалық мәні;

$P_1, P_2, \dots, P_n$ – белгіленім кезеңі ішінде баға белгіленімдері жарияланған күндерде тиісті тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) күнделікті баға белгіленімдерінің орташа арифметикалық мәні;

n – баға белгіленімдері жарияланған белгіленім кезеңіндегі күндердің саны.

Белгіленім кезеңіндегі тиісті тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) күнделікті баға белгіленімдерінің орташа арифметикалық мәні мынадай формула бойынша айқындалады:

$$P_n = \frac{C_{n1} + C_{n2}}{2}$$

м ұ н д а :

P_n – тиісті тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) күнделікті баға белгіленімдерінің орташа арифметикалық мәні;

C_{n1} – тиісті тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) күнделікті баға белгіленімінің ең төменгі (min) мәні;

C_{n2} – тиісті тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) күнделікті баға белгіленімінің ең жоғарғы (max) мәні.

Бір күнге ең төменгі және ең жоғарғы баға белгіленімдері болмаған кезде орташа арифметикалық мән ретінде тиісті күндегі белгіленімнің нақты мәні қолданылады.

2. Осы Заңның мақсаттары үшін шарт шеңберінде тауардың (орындалған жұмыстың, көрсетілген қызметтің) құжаттамалық расталған әрбір берілімі мәміле болып танылады, ал өткізу бағасын нарықтық бағамен салыстыру сатып алушының тіркелген еліне қарамастан тиісті тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) нарығында ғана жүзеге асырылады.

Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, сатып алушыға меншік құқығының ауысқан күні тауардың өткізілген кезі болып табылады.

Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу келісімшартында

белгіленген белгіленім кезеңі ол белгіленген күннен бастап он екі айлық кезең ішінде
ө з г е р т у г е ж а т п а й д ы .

Осы Заңның мақсаттары үшін белгіленім кезеңі келісімшарт талаптарына сәйкес
мынадай уақыт аралығында айқындалуға тиіс:

мұнай бойынша – тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) меншік құқығы сатып
алушыға ауысқан күнге дейін күнтізбелік бес күннен аспауға және тауарға (жұмысқа,
көрсетілетін қызметке) меншік құқығы сатып алушыға ауысқан күннен кейін
күнтізбелік бес күннен аспауға;

мұнайды қоспағанда, биржалық тауарлар бойынша – тауарға (жұмысқа,
көрсетілетін қызметке) меншік құқығы сатып алушыға ауысқан күнге дейін күнтізбелік
отыз күннен аспауға және тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) меншік құқығы
сатып алушыға ауысқан күннен кейін күнтізбелік отыз күннен аспауға;

бағалары биржалық тауарлардың белгіленімдеріне байланыстырылған биржалық
емес тауарлар бойынша – тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) меншік құқығы
сатып алушыға ауысқан күнге дейін күнтізбелік отыз күннен аспауға және тауарға (
жұмысқа, көрсетілетін қызметке) меншік құқығы сатып алушыға ауысқан күннен кейін
күнтізбелік алпыс күннен аспауға тиіс.

Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу келісімшартында
белгіленген белгіленім кезеңі осы бапта белгіленген белгіленім кезеңін айқындау
шарттарына сәйкес келмеген жағдайда тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін
қызметтердің) нарықтық бағалары осы тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті)
ө т к і з у к е з і н д е қ а б ы л д а н а д ы .

Ұзақ мерзімдік бағасы көрсетілген биржалық емес тауарлармен (жұмыстармен,
көрсетілетін қызметтермен) ұзақ мерзімдік келісімшарттар бойынша нарықтық бағаны
айқындау үшін тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өткізу кезі, мына шарттар
бір мезгілде сақталған жағдайда, шарттың жасалған кезі болып табылады:

1) шарт бойынша мәмілелердің жасалуы шарт жасалған күннен бастап бір ай ішінде
б а с т а л а д ы ;

2) нарықтық баға ұзақ мерзімдік келісімшарттар үшін осы Заңға сәйкес шарт
жасалатын күннің алдындағы соңғы күнге белгіленген, ресми түрде танылған ақпарат
к ө з д е р і н е н а й қ ы н д а л а д ы ;

3) ұзақ мерзімдік баға бір жылдан артық қолданылмайды және мәмілеге
қатысушылар арасындағы түпкі келісімшартпен немесе трейдер, мәмілеге
қатысушымен аффилиирленген Қазақстан Республикасының резиденті және тәуелсіз
тарап болып табылатын түпкі тұтынушы арасындағы келесі келісімшартпен расталады.
Уәкілетті органдардың сұратуы бойынша ұсынылған құжаттар келісімшарттың
орындалуының дәлелдемесі болып табылады.

3. Салыстырымды бақыланбайтын баға әдісі сыртқы немесе ішкі салыстыру
жолымен нарықтық бағаны айқындау үшін қолданылады. Салыстырымды

бақыланбайтын баға әдісін сыртқы салыстыру жолымен қолдану мүмкін болмаған кезде салыстырымды бақыланбайтын баға әдісі ішкі салыстыру жолымен қолданылады. Бұл ретте, сыртқы салыстыру кезінде мәмілеге қатысушы мен өзара байланысты тарап арасындағы және тәуелсіз екі және одан да көп тарап арасындағы салыстырымды мәмілелер салыстырылады. Ішкі салыстыру кезінде мәмілеге қатысушы мен өзара байланысты тарап арасындағы және сол мәмілеге қатысушы мен тәуелсіз тарап арасындағы салыстырымды мәмілелер салыстырылады.

4. Салыстырымды бақыланбайтын баға әдісін қолданған кезде нарықтық баға б ы л а й ш а а й қ ы н д а л а д ы :

1) ақпарат көзінде бағасы бар тиісті рынокқа тасымалдау бағыты туралы құжаттамалық расталған ақпараты бар тауарлармен (жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен) мәмілелер жасасу үшін нарықтық баға бағалар ауқымы ескеріле отырып, ақпарат көзінен алынған баға ретінде айқындалады. Мәміленің бағасы дифференциал арқылы нарықтық бағасы бар салыстырымды экономикалық шарттарға келтіріледі;

2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес келмейтін тауарлармен (жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен) мәмілелер жасасу үшін нарықтық баға тиісті рыноктағы ақпарат көзінен алынған бағаны дифференциал арқылы бағалар ауқымы ескеріле отырып, мәміле бағасы бар салыстырымды экономикалық шарттарға келтіру жолымен а й қ ы н д а л а д ы .

5 . Д и ф ф е р е н ц и а л ғ а :

1) тиісті рынокқа тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жеткізу үшін қажетті, негізделген әрі құжаттамамен және (немесе) ақпарат көздерімен расталған ш ы ғ ы с т а р ;

2) осы баптың 7-тармағында көрсетілген мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқу шамасына ықпал ететін жағдайлар;

3) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сапасы кіреді.

6. Дифференциалды құрайтындар құжаттамамен немесе ақпарат көздерімен р а с т а л у ғ а т и і с .

7. Мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқу шамасына ықпал ететін ж а ғ д а й л а р ғ а :

1) берілетін тауарлардың, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің с а н ы (к ө л е м і) ;

2) мәмілелердің осы түрінде қолданылатын төлемдердің шарттары, сондай-ақ бағаларға ықпал етуі мүмкін өзге де жағдайлар;

3) мәмілелер жасасу кезінде қолданылатын, оның ішінде: тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) тұтынушы сұранысының м а у с ы м д ы қ а у ы т қ у л а р ы ;

тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сапасының немесе өзге де тұтынушылық қасиеттерінің жоғалуы;

тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жоғалған сапасының және (немесе) өзге де тұтынушылық қасиеттерінің ішінара жақсаруы немесе қалпына келтірілуі ;

тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жарамдылық немесе өткізу мерзімдерінің өтуі (өту күнінің жақындауы);

ұқсастары жоқ жаңа тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) нарыққа шығарған кездегі, сондай-ақ тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жаңа нарықтарға шығарған кездегі маркетинг саясаты;

тұтынушыларды тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) тәжірибелік модельдерімен және үлгілерімен таныстыру мақсатында оларды өткізу нәтижесінде туындайтын баға жеңілдіктері немесе баға үстемелері;

4) рыноктағы өтімділігі, шығарған елі және тауар белгісінің болуы;

5) маржа, сауда брокерінің, трейдердің немесе агенттің комиссиялық (агенттік) сыйақысы не олардың сауда-делдалдық функцияларды орындағаны үшін өтемақысы ж а т а д ы .

8. Осы баптың 5-тармағында көрсетілген дифференциал бойынша мәмілеге қатысушының мынадай мәмілелер мониторингі бойынша тиісті есептілікке өзгерістер мен толықтырулар енгізуіне :

1) тексерілетін салық кезеңіне – трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша кешенді және тақырыптық тексерулер өткізу кезеңінде;

2) шағым жасалған салық кезеңіне – салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) шағым берудің қалпына келтірілген мерзімі ескеріле отырып, хабарлама бойынша шағымды қарау нәтижелері жөніндегі салық қызметінің жоғары тұрған органы шығарған шешімге шағымды беру және қарау мерзімі кезеңінде жол берілмейді.»;

10) 14-баптың 2-тармағының екінші сөйлемі «қалыптасқан» деген сөзден кейін «, салыстырымды экономикалық шарттарда рентабельділік нормаларының ауқымы негізінде есептелетін» деген сөздермен толықтырылсын;

1 1) 1 5 - б а п т а :

бірінші сөйлемдегі «үстеме бағасының» деген сөздер «маржасының» деген сөзбен ауыстырылсын ;

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын :

«Бұл ретте, маржа маржаның ауқымына сәйкес келуге тиіс.»;

12) 18-баптың 1-тармағының бірінші абзацында:

«бағаны айқындау» деген сөздерден кейін «әдістерін қолдану» деген сөздермен толықтырылсын ;

«пайдаланылуы мүмкін» деген сөздер «пайдаланылады» деген сөзбен ауыстырылсын.

4. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 23, 113-құжат; 2009 ж., № 13-14, 63-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат):

1) 32-бап мынадай редакцияда жазылсын:

« 3 2 - б а п .

2010 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша:

2002 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салынған салықтық құқық бұзушылықтар;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін салық органдары салған, салық салу саласындағы құқық бұзушылықтар, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы және (немесе) міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасын бұзғаны үшін төленбеген айыппұл сомасы салық берешегі болып танылмайды және бюджетке енгізілуге жатпайды, сондай-ақ уәкілетті орган белгілеген тәртіппен есептен шығарылуға жатады деп белгіленсін.

Бұл ретте салық төлеуші (салық агенті) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамалық актісінде көзделген тәртіппен әкімшілік жазаны орындаудан босатылуға жатады.

О с ы б а п т ы ң е р е ж е л е р і :

2010 жылғы 1 шілдеге дейін заңды күшіне енген сот үкімінің не қаулысының негізінде жалған кәсіпорындар болып танылған;

осы Заңның 48-1-бабының талаптарына сәйкес келетін;

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) 623-бабының талаптарына сәйкес келетін;

мынадай қызмет түрлерінің бірін немесе бірнешеуін:

акцизделетін өнім өндіруді;

акцизделетін өнімді сақтауды және көтерме саудамен өткізуді;

бензин, дизель отыны мен мазут өткізуді;

жер қойнауын пайдалануды;

түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауды (дайындауды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді;

құрылысты (тиісті лицензиясы болған кезде);

қаржы немесе сақтандыру қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілерге қолданылмайды.»;

2) мынадай мазмұндағы 32-1, 48-2 және 48-3-баптармен толықтырылсын:

« 3 2 - 1 - б а п .

2009 жылғы 1 қаңтарға дейін есепке жазылған және 2010 жылғы 1 мамырдағы

жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасы салық берешегі болып танылмайды және бюджетке енгізілуге жатпайды, сондай-ақ уәкілетті орган белгілеген тәртіппен есептен шығарылуға жатады деп белгіленсін.

Бұл ретте 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап 2010 жылғы 1 мамыр аралығы кезеңінде салықтардың және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдердің барлық түрлері бойынша төленген өсімпұлдар сомасы 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін түзілген, салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің осындай түрлері бойынша өсімпұлдар сомасын төлеу есебіне бюджетке есепке алынуға жатады.

О с ы б а п т ы ң е р е ж е л е р і :

2010 жылғы 1 шілдеге дейін заңды күшіне енген сот үкімінің не қаулысының негізінде жалған кәсіпорындар болып танылған; осы Заңның 48-1-бабының талаптарына сәйкес келетін;

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) 623-бабының талаптарына сәйкес келетін;

олар бойынша 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін есепке жазылған өсімпұлдар сомасы 2009 жылғы 1 қаңтардан басталған кезеңде қосымша және (немесе) хабарлау бойынша қосымша салық есептілігін табыс ету нәтижесінде түзілген;

мынадай қызмет түрлерінің бірін немесе бірнешеуін:

акцизделетін өнім өндіруді;

акцизделетін өнімді сақтауды және көтерме саудамен өткізуді;

бензин, дизель отыны мен мазут өткізуді;

жер қойнауын пайдалануды;

түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауды (дайындауды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді;

құрылысты (тиісті лицензиясы болған кезде);

қаржы немесе сақтандыру қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілерге қолданылмайды.»;

« 4 8 - 2 - б а п .

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап осындай шешім шығарылған күн аралығындағы кезеңінде түзілген салық берешегін өтеу мерзімін кейінге қалдыру туралы шешім қабылдауға құқылы деп белгіленсін.

Осы бапта көзделген салық берешегі жер қойнауын пайдалану келісімшартының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылған қызмет шеңберінде түзілген және (немесе) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) ережелеріне сәйкес жүргізілген салықтық тексеру нәтижелері бойынша, сондай-ақ төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы бойынша салық берешегін қамтымайды.

Бұл ретте салық берешегін өтеу мерзімін кейінге қалдыру осы тармақта көзделген шешім шығару күнінде «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы екінші

бағытының қатысушысы болып табылатын салық төлеушілерге Қазақстан Республикасының Үкіметі мүлік кепілінсіз және (немесе) банк кепілдігінсіз шешім қабылдаған күннен бастап үш жылдан аспайтын мерзімге бір рет беріледі.

2. Салық берешегін өтеу мерзімін кейінге қалдыру туралы өтінішті салық төлеуші 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап осындай өтініш берілген айдың алғашқы күні аралығындағы кезеңде түзілген салық берешегі сомасын растайтын құжатпен қоса уәкілетті органға береді. Бұл ретте өтініште салық берешегінің жалпы сомасы, оның ішінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түрлері бойынша көрсетіледі.

3. Уәкілетті орган осы баптың 2-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне салық берешегін өтеу мерзімін кейінге қалдыру туралы шешім жобасын оның сомасын көрсетпей осындай құжаттардың көшірмелерімен қоса жібереді.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі салық берешегін өтеу мерзімін кейінге қалдыру туралы шешім шығарған күннен бастап уәкілетті орган бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде осындай шешім қабылданғаны туралы салық төлеушіге жазбаша түрде хабарлайды және 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап осындай шешім шығарылған күн аралығындағы кезеңінде түзілген салық берешегі сомасын көрсетеді. Бұл ретте мерзімі кейінге қалдырылатын салық берешегінің жалпы сомасы салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түрлері бойынша көрсетіледі.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің салық берешегін өтеу мерзімін кейінге қалдыру туралы шешімі күшіне енген күннен бастап, салық төлеушіге 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап осындай шешім шығарылған күн аралығы кезеңінде түзілген салық берешегі сомасына мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері мен «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 85, 86-тарауларында көзделген салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданылмайды.

4 8 - 3 - б а п .

1. 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары мен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі жоқ және бір мезгілде мынадай талаптарға с а й

к е л е т і н :

1) әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтпеген;

2) ұйымдастыру-құқықтық нысаны Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес келмейтін заңды тұлғалар бойынша мәліметтер салық төлеушілердің мемлекеттік деректер базасынан 2010 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде алып тастауға жатқызылады деп белгіленсін.

Салық органдары 2010 жылғы 1 қазаннан кешіктірмей осы тармақта көрсетілген

салық төлеушілердің тізімін қалыптастырады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген салық төлеушілер бойынша мұндай есептен шығаруды жүргізу күніне:

салықтардың, төлемдердің және өсімпұлдардың артық төленген сомасы;
салықтардың, басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдар мен айыппұлдардың қате
т ө л е н г е н с о м а с ы ;

есепке жатқызылатын қосылған құн салығының есептелген салық сомасынан асып кеткен сомасы салық органдарының есептен шығаруына жатады және есепке жатқызылуға және (немесе) бюджеттен қайтарылуға жатпайды.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген салық төлеушілер бойынша осындай есептен шығаруды жүргізу күніндегі жағдай бойынша төленбеген салық берешегі салық органдарының есептен шығаруына жатады және бюджетке енгізуге жатпайды.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген салық төлеушілер салық төлеушілердің мемлекеттік деректер базасынан бір ай ішінде алып тасталған күнінен бастап Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар мен өсімпұлдар сомаларын есептеу (азайту) тізілімі негізінде салық органдары уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және тәртіппен олардың жеке шоттарын жабуды жүргізеді. Бұл ретте, жеке шотта артық төлем және (немесе) салық берешегі сомалары болған жағдайда, мұндай сомалар Тізілімде тиісінше есептелуге немесе азайтылуға жатады.».

2-бап. Осы Заң, 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағының 1), 5), 6), 7), 9) және 11) тармақшаларын, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1 және 4-тармақтарын, 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2-тармағын қоспағанда, 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. Назарбаев